МКҚК «Раушан бөбекжай балабақшасы »

# Педагогикалық кеңес хаттамалары

# 2020-2021

Педагогикалық кеңес отырысы. 

Хаттама №1

қатысқандар: 14 күні: 2020 ж.
қатыспағандар: 1 28 тамызда

Қаралатын мәселе:

1. МДҰ-ның 2020-2021 оқу жылына арн. жылдық жоспарын бекіту.
2. Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, топтардың дайындығы мәселесі.
3. Педагогтарды аттестаттау өлшемшарттары.
4. Оқу жоспарлары, сабақ кестелерін, жас ерекшелігі бойынша топтарды бекіту.
5. „Шығармашылық зертхана" (жұмыс тәжірибесі)
6. „Блиц-ойын: „Инновациялық технологиялар арқ. режимдік үдерістердің үлгілерін әзірлеу, ұсыну және қорғау бойынша шағын топтардағы жұмыс"

Тыңдалды:

Ашып сөзді б/б меңгерушісі Г. Кемирбаева алып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, 2020-2021 оқу жылына арн. б/б жылдық жұмыс жоспарын таныстырып өтті. Балабақша жұмысы карантин шараларына байланысты біраз уақыт тоқтап тұрғанын айта келе, кезекші топтардың

жұмысына рұқсат берілмейдігін, сондықтан б/б-ға балаларды қабылдауға дайындық жұмыстарын жүргізу жайлы айтты.

Коронавирустік індеттің алдын-алу шараларын қатаң түрде ұстану, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау керектігін ескерте отырып, 2020-2021 оқу жылына арн. жылдық жоспардың мақсат-міндеттерін „Денсаулық" білім саласымен байланысты құру, балаларға және ата-аналарға мәдени-гигиеналық машықтар т.с.с. дағдыландыруға бағытталуы керектігін айтты. Тәрбие жұмыстары, түрлі іс-шараларды жоспарлау жөнінде педагогтар ұсыныстарын ескеріліп, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жоспарланған жылдық жоспарды таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша сөзді б/б кәсіподақ комитетінің төрағасы А. Жарылханова алды. Ол, өз сөзінде, жаңа б/б бойынша және топтардағы жаңа оқу жылына дайындық жайлы айтты. Балабақша ғимаратын, топтарды карантин кезінде әктеу-сырлау жұмыстары жүргізілгенін айтты. Қызметкерлер тарапынан топтардың, ауланың тазалығы сақталғанын, шұңқырлар, ағаштарды уақытында суарып отыруды, тәрбиешілер топтарына қажетті безендірулер, көрнекі құралдар жасағанын да айтты.

Алайда кейбір топтарға балалар

ішетін столдарды т.с.с. қолданатын заттарға белгі қою керектігін, дамытушы бұрыштардың жас ерекшелігін ескере отырып, қайта құру жөнінде айтты.

Тәрбиешілер дамытушы ортаны құру, белгі қою жөнінде өз ойларын білдіріп, пікір алмасты.

Үшінші педагогтардың аттестаттау ережелеріне сәйкес өтініш берулері, ҚРБҒМ-ның №199, №202 бұйрығы жөнінде б/б әдіскері П. Ерменова түсіндірме жасады. Аттестаттау ережесінің өзгерістері мен толықтырулар туралы, санаттарға қажетті балл мөлшері, мерзімі жайлы сұрақтарға жауап беріп, талаптары туралы айтты. Мерзімі жеткен педагогтардың санаты санаты 1 жыл мерзімге ұзартылатынын да ескертті. Қазіргі таңда б/б барлық педагог тестілеуден өтуге өтініш бергенін айтты.

Төртінші мәселе бойынша да б/б әдіскері П. Ерменова сөз алып, 2020-2021 оқу жылында „Педагог" әдістемелік орталығының Б. Ногайбекованың „Циклограмма, Перспективалық жоспар", „Тех. карта журналы" пайдалануға педагогтар көмскеніп, жас ерекшелігіне қарай әр топта пайдалануға алынғанын айтты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы 12.05.2020ж. №195 бұйрығына

руларды ескере отырып жасалған оқу қызметі кестесі, күн тәртібімен таныстырып өтті.

Тәрбиешілер, муз. жетекшісі оқу қызметіне енгізілетін өзгерістер, ұсыныстарын айтып келісті.

Бесінші мәселе ретінде педагогтардың жұмыс тәжірибесінен өз ойларын білдіріп, баяндама жасады. Тәрбиеші А. Байтикова „Тіл дамыту бойын. ойындар мен ойын жаттығулар" тақырыбында өз тәжірибесінен „Монтессори педагогикасы" элементтерін қолдану жолдары және оның тиімділігін баяндады. Түрлі көрнекі материалдарды жасап, олардың қолдану түрлілігі жайында айтты.

Психолог А. Сәбден „Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділіктерін дамытудағы психологиялық - педагогикалық сүйемелдеудің маңызы" тақырыбында баяндама жасап, ересек топтарында психологиялық - педагогикалық алдын - алу жұмыстарының мақсаты - міндеттеріне тоқталып өтті. Сараптама нәтижелеріне қарай балалардың танымдық белсенділіктерін дамытудағы оқу - тәрбие жұмыстарды әлі де ары. жүзеге асырылып отырғанын айта келе, өзінің тәжірибесінен балалардың қызығушылығын, зейінін арттыруға арн. ойындарды тәрбиешілер назарына ұсынды.

құбылыстарын қарапайым түсінуде қалыптастыру жөнінде баяндады. Балалардың тілдік құзыреттілігін арттыруда сюжеттік ойындар, көркем шығармаларды рөлдерге бөліп әңгімелеу және де сөздік ойындар жүргізудің үлкен маңызы барын айтты. Балалардың бір-бірімен, айналадағы қоршаған адамдармен қарым-қатынас кезінде ым-ишарамен емес, сөйлеуге, сөз арқ. өз ойын жеткізуін қадағалап, ынталандыру қажеттілігін айтты. Отбасында да осы бағытта жұмыс жүргізілуі үшін кеңес беру, сөздік ойындармен таныстыру керектігін айтып, өз тұжырымдарымен бөлісті.

Баяндамасы педагогтардың баяндамалары өз деңгейінде, тәжірибеге енгізуге тиімді деп тәрбиешілер тарапынан танылды.

Педагогикалық кеңес соңынан педагогтарды шағын топтарға бөліп, „Инновациялық технологиялар арқ. режимдік үдерістердің үлгілерін әзірлеу, ұсыну және қорғау" блиц-ойын б/б әдіскері П. Еременованың жетекшілігімен ұйымдастырылды. Ойын ережесі бойынша педагогтар 3 топқа бөлініп, әр топ бір режимдік үдеріс жоспарын әзірлеп, презентация жасап, қорғауды іске асырды.

Бірінші топ балаларды б/б таңертеңгілік қабылдау кезіндегі іс-әрекеттерді жоспарлау-

„Жел бесік" әдісімен баланы қабылдау, ата-аналармен кері байланыс құру үшін „Сенім жәшігі" жасау жөнінде тың идеялар ұсынды.

Екінші топ серуен кезіндегі іс-шаралар жоспарын ұсынды. Серуен кезінде шағын бақша ұйымдастыруын, өсімдіктердің өсуін, жәндіктердің тіршілігін бақылауды жүзеге асыруды, табиғи материал жинау, тастарды бейнелеу өнерінің түрлеріне пайдалану үшін жинауға арн. „Ғажайып қорап" жасауды ұсынды.

Үшінші топ шығармашылық жоба әзірледі. Шығармашылық жобаны іске асыруда табиғи және қауіпсіз, қарапайым материалдарды пайдалану жолдарын айтып, талқылауды. ТРИЗ технологиясына негізделген, дәстүрден тыс әдістерді қолдану балалардың қызығушылығын тудыратыны белгілі, шешендірме, талқылау жолдарын дұрыс жүргізіге тағайында балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттырады, дүниетанымын кеңейтіп ой-өрісі дамиды деген ой білдірді.

Барлық педагогтар айтылған әдістер тиімділігін растай келе, өздерінің жұмыс тәжірибесінде қолдануға қолайлысын іске асыратынын айтты.

Қаулы етеді:

1. "Раушан" бөбекжай-балабақшасы" МКҚК-ның 2020-2021 жылдық жоспары бекітілсін.

2. Топтарда дамытушы ортаны жас ерекшеліктеріне байланысты талаптарға сай құрылсын.

3. Аттестаттау, сараптама комиссиялары құрылып, бекітілсін.

4. Оқу жоспарлары, оқу қызмет кестесі бекітіліп "Педагог" әдіст. орталығының әдістемелік журналдары негізінде оқу-тәрбие жұмысы жүргізілсін.

5. Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда инновациялық технологиялар элементтері қолданылсын.

Отырыс төрағасы: Т. Кемирбаева

хатшы: Н. Назар

Ордабасы ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Раушан" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

3

Педагогикалық кеңес отырысы

Хаттамасы №2

Қатысқандар: 12

Қатыспағандар: 2

Күні: 2020 жылдың 19 қарашасы

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: „Инновациялық технологиялар арқ. тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру."

1. Топтардағы грамматикалық тұрғыдан дұрыс түре байланыстыра сөйлеудің жай-күйі. Г. Мырзахметова

2. Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: инновациялық технологиялар арқ. коммуникативтік-тілдік қызметін қалыптастыру.

3. Ойын арқ. 3-5 ж. балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту. С. Утебаева

4. Инновациялық технологиялар арқ. оқу қызметінен тыс уақытта тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру бойынша тиімділік. Ф. Есмаханова

5. Тілдік қызметті дамытудағы арт-терапия рөлі. У. Назар

6. Педагогтар мен мамандардың балалардың тетістіктеріне диагностика жүргізу.

7. Ашық оқу қызметтердің сапасы, өткізілуі.

8. Пед. кеңес тақырыбы бойынша

Тыңдалды:

Өткен педагогикалық кеңес отырысында қаулы етілген шешімдерінің орындалуы туралы балабақша әдіскері П. Ерментова баяндады. Қаулы етілген мәселелер бойынша бұйрықтар шығарылып, бекітілді. Оқу тәрбие жұмысы өз деңгейінде жүргізіліп отырғанын айтты. Сондай-ақ, пед. кеңес тақырыбы, баяндамашыларды, қаралатын мәселелер және талқылау регламенті, кеңес төрағасы және хатшысы жөнінде хабарлады.

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Г. Маржахметова „Топтардағы грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланыстыра сөйлеудің жай-күйі" жөнінде ақпараттық мәлімдеме жасады. Өз сөзінде, ол балалардың сөйлеуінің даму деңгейіне мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына (мони) жүргізілген мониторинг нәтижелері және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша сәйкестігі сараланғанын айтты. Бұл ретте, әр топтың жас ерекшелігі ескеріліп, балалардың 75-85% грамматикалық тұрғыдан дұрыс және байланыстыра сөйлейтіндігі анықталғанын айтты. Сонда да, сөйлеуі төмен балалармен жеке жұмыстар жүргізіліп отырғанын,

айтты.
Әр топтың тәрбиешілері өздерінің топтарындағы сөйлеу қабілеті төмен, тіл мүкістігі бар балалар жайында мәлімдеп, оларды дамытуға бағытталған жұмыстары жайлы ой бөлісті.
Екінші кезекте сөзді баяндамашы „Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: инновациялық технологиялар арқылы коммуникативтік-тілдік құзыретті қалыптастыру" тақырыбында тәрбиеші Г. Мырзахметова баяндады. Қазіргі заманның талабы балаларды жан-жақты дамыған, сауатты, білімді етіп тәрбиелеу екені анық, ә коммуникативтік-тілдік құзыретті дамыту бірінші кезекте рөл де болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың бір-бірімен, қоршаған ортада, әлеуметте дұрыс қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруда инновациялық технология элементтерін қолдану тиімділігі дәлелденіп, іс-тәжірибеде қолдану әдіс-тәсілдері айқындалған. Соның ішінде, „Step by step", „Монтессори педагогикасы", „Ойын технологиясы", „Зайцев әдістемесі", „Г. Доманның әдістемесі" элементтері балаларды жан-жақты дамыта отырып, тілін дамытуға, сөздік қорын байыту мақсатында қолдану жөнінде таныстыр-

Тәрбиеші А. Байтакова, Ж. Амирсеитова өз топтарында осы элементтерді қолдана отырып, атқарылған жұмыстары оқу-тәрбие жұмыстары жайлы ой бөлісті.

Үшінші мәселе бойынша сөзді тәрбиеші С. Утебаева „Ойын арқ. 3-5 жасар балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту" тақырыбында баяндама жасады. Ол, өз баяндамасында алдымен фонематикалық есту қабілеті дегеніміз – адамның сөздік дыбыстарды талдау мен біріктіруге қабілеттілігі. Ана тіліне деген фонематикалық есту балаларда айналасындағылардың ауызша сөйлеуін қабылдау және қабылданатын үлгіге сәйкес өзіндік сөйлеу барысында қалыптаса бастайды. Осы ретте бірқатар ойындар ұсына келе, ол ойындардың мақсаты дыбыстарды түсініп, ажыратуды үйрету, есту өткірлігін дамыту, сөз бен заттардың сәйкестендігін, сөздік қорларын молайтуға бағытталғанын айтып өтті. „Суретті тап", „Естігенде шапалақта", „Қайтала", „Бұл не қылған дыбыс" т.с.с. ойындарды тәрбиешілер назарына ұсынды. Тәрбиешілер үлкен қызығушылық танытты.

Төртінші мәселе ретінде тәрбиеші Ф. Есмаханованың „Инновациялық технологиялар

бойынша жұмыс" тақырыбындағы баяндама-
сын тыңдалды. Ол, өз баяндамасында оқу
қызметінен тыс уақытта, яғни, серуен,
жеке баламен жұмыс, вариативтік оқу
қызметі кездерінде, сондай-ақ, ата-ана-
лардың отбасында да жұмыс жасау
үшін пайдалануға тиімді инновация-
лық технология элементтері пайдаланған
ойын-жаттығуларды таныстырып өтті.
Солардың ішінде: Сыни тұрғыдан ойлауды
дамыту технологиясы бойынша: „Ретімен
орналастыр", „Не артық?", „Сипаты бойынша
топтастыр" және т.с.с;
Монтессори педагогикасына негізделген
суретті кеспелерімен жұмыстар;
ОТИКТ технологиясы бойынша Луллия
шеңберінің түрлерімен ойындарды
таныстырды, сондай-ақ, бұл ойындарды
түрлі жастағы балаларға арнап
түрлі етіп ұсынуға болатынын айтты.
Тәрбиешілер бірауыздан баяндамада
айтылған әдістер мен ойындар тиімді екеніне
келісті.

Бесінші кезекте осы тақырыпқа байла-
нысты жас маман Назар Ч. „Тілдік қызмет-
ті дамытудағы арт-терапия рөлі" тақырыбын-
да баяндама жасады. Бұл баяндаманы да
өз сөзінде, балалардың сөйлеу тілін дамы-

арттыруда жаңашыл әдістердің бірі - арт-терапияны қолдану әдіс-тәсілдеріне тоқталып өтті. Арт-терапия негіз психологияда кеңінен қолданылатынын айта келе, балалардың сөйлеуі, қарым-қатынас жасай білуі негізі психологиялық жағдаймен тікелей қатысты екенін белгіледі.
Арт-терапия арқылы балалардың сөйлеуін, қарым-қатынасты дұрыс жасай білуін дамытудың негізгі мақсаттары: - Тәрбиеші мен балалар арасында сенімділікті, тығыз байланысты орнату;
- Ұжымдық жұмысқа, жауапкершілікке, белсенділікке, адамгершілікке, қарапайым қарым-қатынас ~~ережелеріне~~ тәрбиелеу;
- Өз-өзіне деген сенімділігін арттыру, көңіл-күйін көтеру, - екенін айтты.
Арт-терапия технологиясының элементтерін қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерімен қатар, саусақтар моторикасы дамуы артып, тіл кемістіктері жойылып, түзеледі. Арт-терапияны белгілі бір тақырыпта жүйелеп, сурет арқылы бейнесін сипаттап, соңынан балалардың жас ерекшелігін ескеріп, сурет салу, аппликация, тұзды қамыр, мүсіндеу, түрлі табиғи заттар немесе тұрмыстық қалдықтардан бейнелеуді ұсыну қолданды. Ұсына отыр

тәрбиешілер назарына ұсынды.

Тәрбиешілер бұл баяндаманы да құндылы деп есептеп, өздерінің тәрбие жұмыстарында пайдалануға тиімді екеніне келісті.

Келесі кезекте сөзді балабақша әдіскері П. Ерекенова сөз алып, балабақша педагогтары мен тәрбиеленушілерінің жетістерінің 2020 жылға диагностика жүргізу жөнінде айтты. Еліміздегі орын алған жағдайға қарамастан, 2020 жылдың басынан балабақша педагогтары мен тәрбиеленушілерінің жетістіктері жетерлік екенін айтып, атап өтті. Педагогтар жетістіктері:

1. Иманалиева М – „Шабыт" б.б.ә.орт. – Диплом
2. Мырзакеметова Г – „Шабыт" б.б.ә.орт – Диплом
3. Кемпрбаева Г – „Ұстаз жолы" қоғам. бірлестік – Алғыс хат
4. Байтенова А – Аудандық білім бөлімі – Алғыс хат
5. Ерекенова П – Аудандық кәсіподақ ком. – Құрмет грамотасы
6. Утебаева С – „Ең білімді педагог" – Сертификат
7. Жарылканова А – Аудандық білім бөлімі – Алғыс хат
8. Назар Ұ – „Өрлеу" біліктілік арт. институты – Алғыс
9. Амирсеитова Н – „Үздік тәрбиеші – 2020" – II орын иегері
10. Икрамова М – „SanaEducation" – Құрмет грамотасы

Тәрбиеленушілер:

1. Сманиязі Ш – „Шабыт" б.б.ә.орт – III орын иегері
2. Ұсенбек А – „SanaEducation" – I орын
3. Бозғым Д – „ – „ – „ – III орын

Сондай-ақ, желтоқсан айында өтілетін біршама байқауларға да жұмыстар жіберілетінін, олардан да жетістіктер болатынына сенім білдірді.

Әдіскер П. Ерментова келесі мәселе топтардағы жылдың I-жартыжылдығында өтілетін ашық оқу қызметтердің өтілуі және олардың өтілу деңгейі туралы баяндады. Барлық топтарда жоспарға сай, жас ерекшелігі ескеріле отырылып, ашық оқу қызметтері өтілгенін айтты. Тәрбиеші С. Утебаева, К. Утеева, Г. Мырзахметова, М. Иманалиева, Н. Амирсейтова, Ч. Назардың өткізген ашық оқу қызметтері қанағаттанарлық деңгейде өтілді, тәрбиеші А. Байтикова, А. Нармканова және психолог А. Сәбденнің ашық оқу қызметтері өте жақсы деңгейде өтілді-деп, есептейтінгенін айтты.

Ал, тәрбиеші А. Дербисбаева ақысыз еңбек демалысында, тәрбиеші Ф. Есмаханова кезекті еңбек демалысында болды себепті ашық оқу қызметтері кейінге шегерілгенін айтты.

Жалпы оқу қызметтерін өткізуде тәрбиешілер жаңартылған білім берудің өзекті идеяларын қамтуға, жаңашыл технологиялар элементтерін тиімді

40 41

ала отырып, өткізгенін айтты.

Сондай-ақ, бүгінгі педагогикалық кеңес тақырыбына сай презентация жасауды балабақшаның бүгінгі баяндама жасаған тәрбиешілерге тапсыруды ұсынды.

Тәрбиешілер презентация жасауға келісті.

Қаулы етеді:

1. Тәрбиешілер ұсынылған баяндамаларды өздерінің оқу-тәрбие жұмысында балалардың тілдік қызметін дамыту мақсатында белсенді қолданысқа енгізсін.
2. Ашық оқу қызметтерінде орын алған кемшіліктер жойылып, дер кезінде өтілсін.
3. Баяндаманы педагогтарға педагогикалық кеңес тақырыбы бойынша презентация жасау жүктелсін.

ОРДАБАСЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "РАУШАН" БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Отырыс төрағасы: Г. Кемпірбаева

хатшы: Ұ. Назар.

Педагогикалық кеңес отырысы

Хаттамасы №3

Қатысқандар: Күні: 2021 жылғы

Қатыспағандар: 4 ақпаны

Күн тәртібінде:

1. Денсаулық деңгейінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу. медбике
2. Баланы қалай валеологиялық мәдениетті етіп тәрбиелеуге болады? А. Жарқанова
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың ірі моторикасын қалыптастыру бойынша түзету-дамыту жұмысы. А. Дербісбаева
4. Жаңа технологиялар арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыру.
5. Онтогенез барысында балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерден ауытқушылықтарды түзетудің нейропсихологиялық әдісі.
6. Денсаулық: жақсартық, сырқаттанушылықты және сауықтыру іс-шараларының тиімділігін талдау.
7. Ұстаздың ашық оқу қызметтеріне қатысу, талдау.
8. "Денсаулық" білім беру саласында денсаулық сақтау бойынша әдістемелік әзірлемені ұсыну және қорғау.
9. Денсаулық сақтау технологияларын

43 психологиялық тренинг

Тыңдалды:

Өткен пед. кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Г. Ерешенова айтып өтті. Қаулы етілген жоспарлар бойынша топтарда жұмыстар өз дәрежесінде жүргізіліп отырғанын айтты. №3 педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелерді күн тәртібі бойынша хабарлап, кеңес регламентімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Б. Баярисова тәрбиеленушілердің денсаулығы деңгейінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізіп, соның нәтижесін айтты. Короновирустық пандемияға байланысты балабақша топтары кезекші топ режимінде жұмыс жасап, балаларды күнделікті сүзгіден өткізу жұмыстары жүргізіліп отыр. Осындай іс-шараларға байланысты 2020-2021 оқу жылының I-жартыжылдығында ЖРВИ, іш өту немесе басқа да жұқпалы аурулармен ауырған бала саны төмен деңгейде екенін айтты. Тәрбиешілер топ тазалығы, балалардың санитарлық талаптарды сақтауы, ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру,

Тәрбиеші А. Жарлханова „Баланы қалай валеологиялық мәдениетті етіп тәрбиелеуге болады?" тақырыбында баяндамасын екінші мәселе етіп оқыды. Ол, өз баяндамасында салауатты өмір салтын ұстану мәдениеті қашанда өзекті екенін, балалардың кіші жастан бастап өз денсаулығын күту, пайдалы іс-әрекеттерді әдеттенуге дағдыландыру, қалыптастыру керектігінің маңызын айтты. Валеологиялық мәдениетті мектеп жасына дейінгі балаларда қалыптастыру бойынша әдіс-тәсілдері, ойын түрлерін тәрбиешілерге көрсете отырып, таныстырды. 3-5 жастағы балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда, оның қимыл-қозғалыс әрекетінің қаншалықты дұрыс дамығандығында. Сондықтан, балалардың ой-өрісін дамытып, дене қимылын жақсартатын ойын түрлерін ұсынады. Бұл ойындар: қазақ халқының ұлттық ойындары, сюжетті ойындар тиімді.

Кіші жастан бастап денсаулықты сақтау, пайдалы іс-әрекеттерге қызығушылық тудыру, зиянды қылықтарды тыю үшін альбомдар, жинақтамалы папкалар, бұрыштар ұйымдастыруға болатынын айтты.

Баланы нендей іс-әрекет, дағдыны бейімдеуде де үлкендердің үлгісі маңызды екенін

45

байланыста болуын ескертті.

Тәрбиешілер бірауыздан баяндама құнды деп танығды.

Үшінші мәселе бойынша „Мектеп жасына дейінгі балалардың іші моторикасын қалыптастыру бойынша түзету дамыту жұмысы" тақырыбында тәрбиеші А. Дербисбаева баяндама жасады. Мектепке дейінгі жастағы балаға тәрбие мен білім беруде, бала тілінің дамуы, өзіне-өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ және іші моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Әрінің бастапқы кезеңінде баланың моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқау болады. Осыларды ескере отырып, іші және кіші моторикасын қалыптастыруда төмендегі әдіс-тәсілдер қолдану тиімді:

- Түрлі құрастырулар, лего, конструктор, үлкен алаң конструкторлар;
- Дидактикалық ойындар
- Доппен, түрлі спорттық құралдармен ойын-жаттығулар; т.б.с.с.

Нәтижесінде балалардың тіл, қимыл-қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамитынын айтты.

тиімділігін педагогтар мақұлдады.
Төртінші мәселеде жаңашыл техноло-
гиялар арқылы тұлғаның физикалық
қасиеттерін қалыптастыру жолдары бойын-
ша педагогтар арасында пікір алмасу
болды. Балабақша әдіскері П. Ерментова таң-
дақты физикалық жетілген және денсаулығы
жақсы өсірін тәрбиелеу әрбір ата-ана мен
балабақшаның міндеті екенін айтты. Балабақ-
ша жұмысына денсаулық сақтау техноло-
гияларын енгізу қажетті заман талабынан
туындайтынын және осы міндетті іске
асырудағы жұмыстарды бөлісуді ұсынды.
Тәрбиеші Ф. Есмаханова баланың денсау-
лығын нығайтуда және аурудың алдын-алуда
тек қана баланың қимыл белсенділіктерін
көтеру аз, шынықтыру жұмыстарын жүргізу
қажеттілігін айтып өтті. Рига әдісі, уқалау,
дәстүрден тыс әдістерді қолданып, шынық-
тыру шараларын балабақшамыздың барлық
топтарында жүріп жатқанын айтты.
Балабақша медбикесі Б. Баймесова қыс
мезгілінде Рига әдісімен тамақты шаю,
жалаңаяқ кедір-бұдыр жолақшамен жүру
түрлерін, нүктелі уқалау әдістерін жүргізу
бойынша кеңес берді.
Келесі мәселені де балабақша медбикесі
Б. Баймесова сөз алып, балабақша тәрбие-

нұсқалықты және сауықтыру іс-шараларының
тиімділігіне талдау жасап, топтарда
санитарлық талаптар толыққанды сақ-
талуда, күн тәртібіне орай балалардың
тазалық машықтары орындалып, ұйқыдан
тұрғанда шынықтыру шаралары жаса-
луда деді. Шынықтыру шараларын тиімді
жүргізу бойынша тәрбиешілерге кеңес
беріп, ұсынылды тұстарын талдады.
Келесі сөзді балабақша әдіскері П. Ерепесо-
ва сөз алып, „Денсаулық" білім саласы
„дене шынықтыру" оқу қызметі және таңертең-
гілік жаттығулардың өту барысы жай-
лы ақпаратпен таныстырып өтті.
Барлық топтар дене шынықтыру оқу
қызметі жоспарға сәйкес жүргізіліп
жүргендігін, алайда, таңертеңгілік
жаттығулар циклограммаға сәйкес
жүргізілмейтіндігін айтты. Тәрбиешілерге
циклограмма бойынша жаттығу жасауды
ескертті. Қимылды ойындар, сауықтыру
шараларын тиісті дәрежеде, серуен кезінде
өткізу жайында да ескертіп өтті.
Тәрбиешілер өз уәждерін айта отырып,
жоспар бойынша жұмыс жасауға
келісті.

Сондай-ақ психолог маманның кезекті
еңбек демалысына шығуына байланысты

мұға қалдырылғанын айтты.

Қаулы етеді:

1. Балалардың денсаулығын сақтау, сауықтыру шаралары тиісті деңгейде жүргізілсін.

2. "Денсаулық" білім саласы бойынша ұйымдастырудың іс-шаралары жоспарға сәйкес атқарылсын.

Отырыс төрағасы: Кемирбаева

хатшы: Жазар

ОРДАБАСЫ АУДАНЫ ... БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "РАУШАН БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

"Раушан бөбекжай балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Хаттама №4

28.05.2021ж.

Педагогикалық кеңес отырысы
Төраға - Г.А. Кемирбаева
Хатшы - Ж.Т. Амирсейтова
Қатысқандар - 12

Күн тәртібі

1. МДҰ жылдық жұмыс нәтижесі

49

2. МДҰ-ның музыкалық-эстетикалық тәрбие туралы сөз жетекшісі А. Жұмаділова баяндамасы
3. Балаланың сөйлеуді дамыту бойынша жұмыстар туралы б/б әдіскерінің талдауы.
4. Мектепке психологиялық дайындық туралы психологтың баяндамасы
5. Тыңдық және шынықтыру-сауықтыру туралы медбикенің есебі
6. Педагогикалық ұжымның 2020-2021 оқу жылының жаз кезеңіне арналған жұмыс жоспарын талқылап бекіту.

1. Тыңдалды:
Әдіскер П. Ерекенова балабақшаның 2020-2021 оқу жылына жасалған жылдық жоспарға сәйкес оқу жылында атқарылған жұмыстар, жетістіктер мен кемшіліктер туралы баяндады.

Сөз сөйлегендер:
Тәрбиеші А. Дербисбаева балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жүргізгенін айтты. Түрлі іс-шаралар, ертеңгіліктер өте жас тобына сай келмегендіктен өтілмегенін, алдағы оқу жылында олқылықтарды болдырмауға барынша жұмыс жасайтындарын айтты.
Меңгеруші Г. Кемпірбаева 2020-2021

де жұмыс жасалды деп есептейтінін айтып, солай қаулы етуді ұсынды. Барлық педагогтар бір ауыздан қолдады.

Қаулы етті:

1. 2020-2021 оқу жылындағы жылдық жоспар „қанағаттанарлық" деңгейде іске асырылды деп есептелсін.

2. 2020-2021 оқу жылындағы жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілсін.

Отырыс төрағасы: Г. Жакиртаева

хатшы: П. Ерешева